

Мемлекеттік статистиканы жетілдіру жөніндегі ведомствоаралық кеңес құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 29 шілдедегі N 1184. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.03.04. N 206 қаулысымен.

"Мемлекеттік статистиканы жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 7 шілдедегі N 3590 өкіміне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Мемлекеттік статистиканы жетілдіру жөніндегі ведомствоаралық кеңес қосымшаға сәйкес құрамда құрылсын.

2. Мемлекеттік статистиканы жетілдіру жөніндегі ведомствоаралық кеңес туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

3. Мемлекеттік статистиканы жетілдіру жөніндегі ведомствоаралық кеңес; екі ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 8 қазандағы N 1244 қаулысымен бекітілген 1996-1998 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының мемлекеттік статистикасын жетілдіру Бағдарламасын іске асыру жөніндегі шараларын орындау жөніндегі Қазақстан Республикасы Статистика жөніндегі мемлекеттік комитетінің ұйымдастыру жоспарына қажетті өзгерістерді әзірлеп, енгізсін;

1997 жылдың 1 қарашасына дейін Ведомствоаралық кеңестің отырысында Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Ұлттық статистика агенттігінің Статистикалық және ұйымдастыру жұмыстарының жоспарын және 1998 жылы шығарылатын статистикалық материалдардың тізбесін қарап, оларды Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне енгізсін.

4. Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Ұлттық статистика агенттігі екі апта мерзім ішінде 1998-1999 жылдарға арналған мемлекеттік статистиканы реформалаумен байланысты шығындарды республикалық бюджеттен қаржыландыру жөніндегі, Мемлекеттік статистиканы жетілдіру жөніндегі ведомствоаралық кеңес мақұлдаған ұсынысты Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне ұсынсын.

5. "Қазақстан Республикасының Ұлттық экономикалық статистиканы үйлестіру жөніндегі республикалық жұмыс комиссиясын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 31 қазандағы N 1413 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1997 жылғы 29 шілдедегі

№ 1184 қаулысына

қосымша

ЕСКЕРТУ. Қосымша өзгерді - ҚРҰ-нің 1998.05.06. № 412, Қосымша жаңа редакцияда - 1999.12.25. № 1984, құрам өзгерді - 2000.10.02. № 1487, 2001.03.02. № 320, 2002.03.18. № 326, 2002.12.03. № 1277, құрам өзгерді - 2003.04.29. № 409, құрам өзгерді - 2003.09.30. № 1005, 2004.01.29. № 104, 2004.06.17. № 665 қаулыларымен.

**Мемлекеттік статистиканы жетілдіру жөніндегі
ведомствоаралық кеңестің**

Құрамы

Есімов - Қазақстан Республикасы Премьер-
Ахметжан Смағұлұлы Министрінің орынбасары, төраға
Әбдиев - Қазақстан Республикасы Статистика
Қали Сейілбекұлы жөніндегі агенттігінің төрағасы,
төрағаның орынбасары

Белоног - Қазақстан Республикасының Денсаулық
Анатолий Александрович сақтау вице-министрі - Қазақстан
Республикасының Бас мемлекеттік
санитарлық дәрігері

Таймерденов - Қазақстан Республикасының
Мейрамбек Таймерденұлы Әділет министрлігі Тіркеу қызметі
комитетінің төрағасы

Тоқаев Әкбар - Қазақстан Республикасы Премьер-
Қуанышбайұлы Министрінің Кеңсесі Жиынтық
талдау бөлімінің меңгерушісі

Әшитов - Қазақстан Республикасының Еңбек
Батыржан Зайырқанұлы және әлеуметтік қорғау вице-министрі

Ведомствоаралық кеңестің мүшелері

Котенко - Қазақстан Республикасы Премьер-
Наталья Леонидовна Министрінің Кеңсесі Экономикалық
бөлімінің меңгерушісі

Әбдіқадырова - Қазақстан Республикасының Білім
Айман Нұрқасымқызы және ғылым вице-министрі
Айманбетова - Қазақстан Республикасының
Гүлбану Зарлыққызы Ұлттық Банкі Төрағасының
орынбасары (келісім бойынша)

Никитинский - Қазақстан Республикасының
Евгений Сергеевич Туризм және спорт жөніндегі
агенттігі төрағасының орынбасары

Әбдішев - Қазақстан Республикасының Кедендік
Бауыржан Түйтейұлы бақылау агенттігі төрағасының
орынбасары

Дауранов - Қазақстан Республикасының
Шамиль Абдулович министрлігі Экономикалық саясат және
индикативтік жоспарлау
департаментінің директоры

Исекешев - Қазақстан Республикасының
Әсет Өрентайұлы Индустрия және сауда вице-министрі

Ойнаров - Қазақстан Республикасының Қаржы
Азамат Рысқұлұлы вице-министрі

Ізмұхамбетов - Қазақстан Республикасының
Бақтықожа Салахатдинұлы Энергетика және минералдық
ресурстар бірінші вице-министрі

Эльзенбах - Қазақстан Республикасының
Ирина Яновна Статистика жөніндегі агенттігі
Статистикалық ақпаратты талдау
және жариялау департаменті
директорының орынбасары, жауапты

хатшы

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1997 жылғы 29 шілдедегі

N 1184 қаулысымен

бекітілген

Мемлекеттік статистиканы жетілдіру жөніндегі
ведомствоаралық кеңес құру туралы
ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

1. Мемлекеттік статистиканы жетілдіру жөніндегі ведомствоаралық кеңес (бұдан әрі - Кеңес) Қазақстан Республикасы Үкіметінің консультативтік-кеңесші органы болып табылады және:
мемлекеттік статистиканы жетілдіру жөніндегі шаралар жоспарын айқындау;

статистиканы жетілдіру процесін іске асыру жөнінде Қазақстан Республикасының Үкіметі, мемлекеттік органдары үшін ұсынымдар әзірлеу мақсатында құрылады.

2. Кеңес өзінің жұмысында Қазақстан Республикасының Конституциясын, "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының Заңын, өзге де заңдарды, нормативтік құқықтық актілерді және осы Ережені басшылыққа алады.

II. Кеңестің негізгі міндеттері

3. Осы Ереженің 1 және 2-тармақтарына сәйкес Кеңес жұмысының негізгі міндеттері:

мемлекеттік статистиканы жетілдіру процесіне ғылыми-әдістемелік жетекшілік жасау және оның халықаралық стандартқа сай болуын қамтамасыз ету;

статистикалық есептің жаңа әдістемелері мен нысандарын қарау;
мемлекеттік статистиканы жетілдірумен байланысты шаралар жоспарын әзірлеу;

Қазақстан Республикасының Үкіметіне мемлекеттік статистиканы жетілдіру процесіне байланысты ұсыныстарды, ұсынымдарды, нормативтік және әдістемелік құжаттарды енгізу болып табылады.

III. Қызметін ұйымдастыру

4. Кеңесті Кеңес төрағасы басқарады.

5. Кеңестің жұмысын ұйымдастыру, кеңес отырысын өткізуге дайындықты, тиісті материалдарды, Кеңес ұсынымдарын әзірлеуді Кеңестің жауапты хатшысы жүзеге асырады.

6. Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі Кеңестің жұмыс органы болып табылады. <*>

ЕСКЕРТУ. 6-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.12.03. N 1277 қаулысымен

7. Кеңес отырысы оның төрағасының өз бастамашылығымен, Кеңестің жауапты хатшысының бастамашылығымен не Кеңестің қарауына енгізуге ұсынатын материалдарының негізінде Кеңес мүшесінің бастамашылығымен шақырылады.

8. Кеңес шешімдері оның мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады, хаттамамен ресімделеді және ұсыным сипатында болады.

9. Мемлекеттік статистиканы жетілдіру жөніндегі Үкімет қарауына Кеңес құрамының кемінде жартысымен ауызша немесе жазбаша келісім бойынша Кеңестің төрағасының немесе Кеңес хатшысының атынан шығарылады.

10. Кеңес жұмысын ұйымдастыру мемлекеттік статистиканы дамыту мен жетілдіруге халықаралық ұйымдар желісі бойынша бөлінетін гранттар мен техникалық көмек қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

11. Кеңестің ұсынысы бойынша мемлекеттік статистиканы жетілдіру жөніндегі әдістемелік және нормативтік құжаттарды әзірлеу үшін мемлекеттік органдардың, өзге ұйымдардың мамандары, сондай-ақ шетел мамандары шақырылуы мүмкін.